

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 28 наурыз

№: AIFC-C/CA/2024/0046 ic

**«INTERNATIONAL ACADEMY OF MEDICINE AND SCIENCES (ИНТЕРНЭШНЛ АКАДЕМИ ОФ МЕДИЦИН ЭНД
САЙНСИС)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

Талап қоюшы

қарсы

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Жауапкер

ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ШЕШІМ

Сот судьясы:

Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Жауапкерге Талап қоюшының пайдасына сот шығындары ретінде 2 015 000 теңге төлеу туралы бұйрық берілді.

ШЕШІМ

1. 2025 жылғы 28 қаңтардағы Шешіммен және Бұйрықпен Жауапкердің осы іс бойынша апелляция беруіне рұқсат сұрау туралы өтініші қанағаттандырусыз қалдырылды. Талап қоюшы апелляция беруге рұқсат сұрау туралы өтінішке жазбаша қарсылықтар дайындауға көрсетілген заң көмегі үшін 5 000 000 теңге мөлшерінде және құжаттарды аудару мен дайындауға байланысты 15 000 теңге мөлшерінде шығындарды өндіріп алу туралы өтініш берді.
2. Жауапкер Талап қоюшының шығындарды өтеу туралы өтінішіне қарсылық білдірді. Талап қоюшы өз кезегінде Жауапкердің ұсынған құжатын қабылдамау туралы өтініш берді, себебі ол Сот белгілеген мерзім аяқталғаннан кейін екі күннен сәл астам уақыт өткен соң берілген. Мен Талап қоюшының бұл өтінішін қанағаттандырудан бас тартамын және Жауапкерге өз ұстанымын білдіруге қосымша мерзім беремін. Мерзімнің сақталмауы елеусіз болып, ешқандай залал келтірмеген. Талап қоюшының уәжі негізсіз формализмге негізделген.
3. Жауапкердің пікірінше, Талап қоюшының шығындарды өтеу туралы өтініші бұл Сотта қаралмауы тиіс, себебі онда бірінші сатыдағы іс (AIFC-C/CFI/2023/0038 ісі) көрсетілген, ал апелляциялық сотта апелляцияға рұқсат беру туралы өтініш (AIFC-C/CA/2024/0046 ісі) көрсетілуі тиіс еді. Алайда бұл уәж де техникалық әрі негізсіз. Ілеспе электрондық хаттан және өтініштің мазмұнынан анық көрінгендей, шығындар туралы өтініш апелляцияға рұқсат беру туралы өтінішке қатысты. Сондықтан Сот оны қарауға құқылы.
4. АХҚО Сотының Ережесінің 26.5(1) тармағына сәйкес, жалпы қағида бойынша жеңілген тарап жеңген тараптың шығындарын өтеуге міндетті. Алайда 26.5(2) тармақ Сотқа өзге шешім қабылдау құқығын береді. Бұл, 2024 жылғы 12 қарашадағы Michael Wilson & Partners, Limited v. CJSC Kazsubton және басқалар ісі бойынша шығындар туралы бұйрықтың 4-тармағында көрсетілгендей, Соттың шығындар бойынша кең өкілеттігін растайды:

«АХҚО Соты Ережелерінің 26.4 және 26.5-тармақтарына сәйкес, Соттың шығындарды өндіруге қатысты кең өкілеттіктері бар. Жауапкерден апелляцияға рұқсат беру туралы өтінішке қарсы бағытталған мәлімдемелерді алу пайдалы болуы мүмкін болғанымен, мұндай мәлімдемелерге байланысты шығындарды өндіру жөніндегі Соттың өкілеттіктері, тіпті апелляция беруге рұқсат беруден бас тартылған жағдайда да, үнемді түрде қолданылуы күтіледі.»
5. Осы іс бойынша Талап қоюшы жеңген тарап болып табылады, ал оның жазбаша қарсылықтары Сот үшін пайдалы болды. Сондықтан шығындарды Талап қоюшының пайдасына өндіру орынды. Сонымен қатар 26.13(1)-ереже бойынша дереу бағалау жүргізу орынды.
6. Шығындар өндірілген жағдайда, олар негізді түрде жұмсалған, қажет және даудың мәніне пропорционалды болуы тиіс (26.11 тармақ). Мен апелляцияға рұқсат беру сатысындағы ұсыныстардың пропорционалдылығының маңыздылығын атап өтемін.
7. Ұсынылған сомалар заң қызметтерін көрсету туралы шартпен және төлем түбіртектерімен

расталған. Заң көмегі шарты бойынша жалпы сыйақы 10 000 000 теңгені құрайды және ол екіге бөлінеді: апелляцияға рұқсат беру туралы өтінішке қарсылық дайындау үшін 5 000 000 теңге және апелляцияның мәні бойынша іс жүргізу үшін 5 000 000 теңге. Рұқсат беру сатысына бөлінген сома, менің ойымша, орындалған жұмыс көлеміне қатысты негізсіз жоғары әрі пропорционалды емес. Бұл саты үшін 2 000 000 теңге анағұрлым орынды болар еді. Құжаттарды аудару мен өңдеуге қатысты 15 000 теңге сомасы орынды деп танылады.

8. Осыған байланысты мен Жауапкерден Талап қоюшының пайдасына жалпы 2 015 000 теңге шығын өндіру туралы бұйрық шығарамын.

Сот қабылдады,

Мәртебелі сэр Стивен Ричардс
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы/Жауапкердің атынан «Legit Advocates» адвокаттық фирмасы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, адвокаттар Сергей Ватаев мырза, Илья Кириченко мырза және Елена Дворецкая-Юсупова ханым өкілдік етті.

Жауапкер/Апеллянттың атынан «Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Валерий Лим мырза өкілдік етті.